

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде халықаралық шарттарды қолдану туралы шартқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 25 мамырдағы № 988 Жарлығы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде халықаралық шарттарды қолдану туралы шарттың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовке Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде халықаралық шарттарды қолдану туралы шартқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығымен қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2010 жылғы 25 мамырдағы
№ 988 Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы
Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде халықаралық
шарттарды қолдану туралы
ШАРТ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде кеден одағын қалыптастыру және кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында кедендік реттеуді қамтамасыз ету мақсатында,

кеден одағын құру шеңберінде жасалған халықаралық шарттардың ережелерін қолдану мен сақтау жөніндегі кеден одағына мүше мемлекеттердің міндеттемелерін
н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Шартты іске асыру мақсаты үшін:

1) кеден одағының бірыңғай кедендік аумағы деп Тараптардың аумақтары, сондай-ақ Тараптардың ерекше заң құзыры бар Тараптардың аумақтарынан тыс жерлерде орналасқан жасанды аралдар, қондырғылар, құрылыстар мен өзге де объектілер түсініледі;

2) кеден одағының тауары деп: Тараптардың аумақтарында толық өндірілген, кеден одағының кедендік аумағына әкелінген және Кеден одағының Кеден кодексіне және кеден одағына мүше мемлекеттер ретінде Тараптардың өзге де халықаралық шарттарына сәйкес кеден одағының тауары мәртебесіне ие болған,

Тараптардың аумақтарында осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген және Кеден одағының Кеден кодексіне және кеден одағына мүше мемлекеттер ретінде Тараптардың өзге де халықаралық шарттарына сәйкес Кеден одағының тауары мәртебесіне ие болған тауарлардан және (немесе) шетел тауарларынан жасалған кеден одағының кедендік аумағындағы тауарлар түсініледі;

3) үшінші елдер деп осы Келісімнің Тараптары болып табылмайтын елдер түсініледі;

4) Кеден одағының кеден заңнамасы деп Кеден одағының Кеден кодексі, сондай-ақ кеден одағына мүше елдер ретінде Тараптардың кедендік құқық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттары, Кеден одағы комиссиясының шешімдері және осы Шарттың 4-бабына сәйкес Кеден одағының комиссиясында Тараптардың өкілдері қабылдаған шешімдер түсініледі.

2-бап

1. Тараптар кеден одағының шарттық-құқықтық базасын құрайтын қолданыстағы халықаралық шарттарды, сондай-ақ оның органдары белгіленген тәртіппен қабылдаған шешімдерді қолданады.

2. Тараптар екіжақты негізде Тараптар қол қойған халықаралық шарттарды қолданады:

2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарт;
2010 жылғы 16 сәуірдегі 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттама;

2010 жылғы 20 мамырдағы Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (өзге баждарды, балама әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алудың және бөлудің тәртібін белгілеу мен қолдану туралы келісім;

2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай тізілімі туралы келісім;

2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара әкімшілік көмегі туралы келісім;

2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуға қойылатын талаптар туралы келісім;

2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту негіздемелері, шарттары мен тәртібі туралы келісім;

2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпаратты ұсыну және алмасу туралы келісім;

2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған соманы есептеу тәртібі туралы келісім;

2010 жылғы 21 мамырдағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Кеден одағының кедендік аумағы арқылы темір жол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзитінің ерекшеліктері туралы келісім;

2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағында тауарлардың, жұмыстарды орындаудың, қызмет көрсетулердің экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды алу қағидаттары туралы келісім;

2009 жылғы 11 желтоқсандағы 2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағында тауарлардың, жұмыстарды орындаудың, қызмет көрсетулердің экспорты мен импорты кезінде жанама салықтарды алу қағидаттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама;

2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алу тәртібі мен олардың төленуін бақылау тетігі туралы хаттама;

2009 жылғы 11 желтоқсандағы Кеден одағында жұмыстар орындау, қызметтер көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібі туралы хаттама.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген халықаралық шарттар оларды Қазақстан Республикасы ратификациялағаны туралы хабарламаны депозитарийге жіберген

жағдайда қолданылады. Осы шарт олардың ратификациялауға дейін уақытша қолданылуы көзделген халықаралық шарттарға қолданылмайды.

3-бап

1. 2010 жылғы 20 мамырдағы Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (өзге баждарды, балама әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алудың және бөлудің тәртібін белгілеу мен қолдану туралы келісімді Тараптар осы Шарттың 2-бабының 3-тармағында көрсетілген талаптар сақталған жағдайда осы Шарт күшіне енгеннен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қолданады.

2. Тараптар 2010 жылғы 20 мамырдағы Кеден одағында кедендік әкелу баждарын (өзге баждарды, балама әрекеті бар салықтар мен алымдарды) есепке алудың және бөлудің тәртібін белгілеу мен қолдану туралы келісімнің 5-бабының 3 тармағын қолданбайды.

Көрсетілген Келісімді қолдану мақсаты үшін кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативі бір Тарап үшін мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

Қазақстан Республикасы - 7,69 %
Ресей Федерациясы - 92,31 %

4-бап

Тараптардың Кеден одағының Кеден кодексін және осы Шарттың 2-бабының 2-тармағында көрсетілген өзге де халықаралық шарттарды қолдану мақсаты үшін 2010 жылғы 1 шілдеден бастап Кеден одағының Кеден кодексінде және осы Шарттың 2-бабының 2-тармағында көрсетілген өзге де халықаралық шарттарда көзделген Кеден одағы комиссиясының өкілеттіктері мен функцияларын Кеден одағының комиссиясындағы Тараптардың өкілдері екіжақты негізде іске асырады. Олар ымыраға келу негізінде тиісті шешімдерді қабылдайды.

Кеден одағы комиссиясындағы Тараптардың өкілдері өз қызметінде осы Шарттың мақсатына қайшы келмейтін бөлігінде 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағы комиссиясы рәсімдерінің ережелерін басшылыққа алады.

5-бап

Тараптар 2010 жылғы 15 шілдеге дейін кеден одағының бірыңғай кедендік аумағы шеңберінде 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Тараптарда қолданыстағы арнаулы қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шараларды қолдану туралы шешімдерді, сондай-ақ Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптар 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша аяқтаған немесе жүргізіп отырған нәтижелері бойынша шешімдер қабылданған тексерулердің нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау

рәсімін, сондай-ақ кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына арнаулы қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шараларды енгізу бойынша шешімдерді қабылдау рәсімін айқындайтын халықаралық шартқа қол қояды.

6-бап

Тараптар кеден одағының кеден заңнамасын және кеден одағын қалыптастыру шеңберінде жасалған өзге де халықаралық шарттарды осы Шартқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданады.

7-бап

1. Тараптар арасындағы осы Шарттың ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар бірінші кезекте, келіссөздер мен консультациялар жүргізу жолымен шешіледі.

2. Егер даудың бір тарапы даудың екінші тарапына оларды жүргізу туралы жазбаша ресми өтініш жіберген күннен бастап алты ай ішінде дау тараптары дауды келіссөздер мен консультациялар жолымен реттемесе, онда дау тараптарының арасында оны шешу тәсіліне қатысты басқа уағдаластық болмаған кезде, дау тараптарының кез келгені бұл дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарау үшін жібере алады.

8-бап

Осы Шарт Тараптардың осы Шарттың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарланған күнінен бастап күшіне енеді және 2010 жылғы 1 шілдеден бастап уақытша қолданылады.

2010 жылғы _____ каласында екі түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Қ а з а қ с т а н
Республикасы үшін *Федерациясы үшін*

Р е с е й